

«Ұлы-Орда» бөбекжай бақшасы» ЖШС

06.09.2023 ж

Меңгеруші жанындағы кеңес №1
2023-2024 оқу жылы

Қатысқандар:
Қатыспағаны:

Күн тәртібі

- 1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы : -күн тәртібі:- топтардың санитарлық жай күйі:- топтар бойынша құжаттаманың жай күйі.
- 2.Техника қауіпсіздік ережесі және бұйрығымен таныстыру.
- 3.Балалардың мәдени гигиеналық машықтарын қалыптастыру,шолу нәтижесінің мәліметі.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі жаңа оқу жылының дайындығы жайлы,күн тәртібі,топтардың санитарлық жай күйі, топтар бойынша құжаттаманың жай күйіне тоқталды.Топтардың санитарлық жай күйі барлық топта үш мезгіл ылғалды тазалық жүргізілуін сонымен қатар моркировканың,ыдыс аяқтардың жеткілікті екенін тексеру барысында анықталғанын айтып өтті.Тәрбиешінің негізгі толтыратын міндетті үш құжаттың жаңа оқу жылына дайындығы, педагогикалық кеңесте бекітілгені айтып өтті.

Келесі сөзді балабақша медбикесі А.Тілеубердиева сөз алып, балабақшада ең басты мақсатымыз бала денсаулығын сақтау екендігін айта өтіп,балабақшада балалардың денсаулығын сақтау үшін құнарлы тамақпен тамақтандыру,күнделікті дене шынықтыру сабақтары,серуен,сонымен қатар өмір қауіпсіздігін сақтау керек екенін айтып,нұсқаулықпен таныстырып шықты.

Келесі сөзді балабақша әдіскері Ф.Боранбаева сөз алып, жаңа оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтардың кезектері туралы айтып өтті,біліктілік артыру қазіргі ереже бойынша үш жылда бір өту міндеттеледі.Биылғы оқу жылында өтілетін жоспарлы байқаулар мен облыстық , аудандық, республикалық деңгейдегі байқауға қатысып балабақшамыздың рейтингісін көтеруді тапсырды.Баспасөзге және әлеуметтік желілерге күнделікті жұмыстарды салып отыруды тапсырды.

Балабақша әдіскері жоспарланған жұмыстарды жауапкершілікпен уақытылы орындап отыру біздің жұмысымыздың нәтижесі екенін көрсетінін айтып өтті.

Жиналыстағы күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді зерделей келе төмендегідей шешім қабылдады.

Жиналыс шешім етеді:

- 1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы: - күн тәртібі: - топтардың санитарлық жай күйін : топтар бойынша құжаттаманың жай күйі қанағаттарнарлық деп есептелсін.
- 2.Техника қауіпсіздік ережесі және бұйрығымен таныстырылды.
- 3.Балалардың мәдени гигиеналық машықтарын қалыптастырылу қадағалансын,балабақша медбикесіне жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Ә. Тәтпенова

А. Сахова

«Ұлы-Орда» бөбекжай бақшасы» ЖШС

06.11.2023 ж

Меңгеруші жанындағы кеңес №2
2023-2024 оқу жылы

Қатысқандар:
Қатыспағаны:

Күн тәртібі:

- 1.Көрме (бүлдіршіндердің тілін ойын арқылы дамытамыз) дидактикалық ойындарды ұйымдастыру нәтижесі
- 2.Балалардың бастапқы мониторинг нәтижесі
- 3.Қыс мезгілінде балалардың жарақаттануының алдын алу

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Тәтаенова сөз алып бүлдіршіндердің тілін дамытуда дидактикалық ойындардың маңызы зор екендігін айтып тәрбиешілердің жинаған дидактикалық ойындар жинағын жақсы деп бағалап тағы да іздену керектігін айтып өтті

Қаулы етті:

Дидактикалық ойындар жиынтығы көрмесі қанағаттанарлық деп танылысын.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша барлық топ балаларының бастапқы мониторинг нәтижесінің даму деңгейінің көрсеткіштері талқыланды.

Қаулы етті:

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау нәтижесі қанағаттандырарлық (орта) деп танылысын.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Айнагүл апай сөз алып қыс мезгіліндегі жарақаттанудың алдын алу туралы өз кеңестерін тәрбиешілерге өз баяндамасында атап өтті. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде деп нақыл сөзбен мысал келтірді.

Қаулы етті:

Балабақша медбикесінің қыс мезгіліндегі жарақаттанудың алдын алу туралы кеңесі өз деңгейінде орындалсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Ә. Тәтпенова

А. Сахова

«Ұлы-Орда» бөбекжай бақшасы» ЖШС

10.01.2024 ж

**Меңгеруші жанындағы кеңес №3
2023-2024 оқу жылы**

Қатысқандар:

Қатыспағаны:

Күн тәртібі:

1. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау
2. Перспективалық және циклограммалық жоспарының жүргізілу деңгейі
3. Жаңа жылдық ертеңгіліктердің өтілу деңгейі.

Тыңдалды: Балабақша медбикесі Тілеубердиева Айнагүл апай жалпы балабақшадағы тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы туралы және тамақтың уақытылы берілуі туралы мәлімдеме жасады. Сонымен қатар ас ыдыстарының тазалығын және тамақтану кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігін атап өтті.

Қаулы етті:

Тамақтау кезіндегі сақтық және қауіпсіздік шаралары мен тазалықты сақтау тәрбиеші мен тәрбиеші көмекшілерше жүктелсін.

Тыңдалды: екінші мәселе бойынша әдіскер Боранбаева Феруза апай перспективалық және циклограммалық жоспарларының жүргізілу деңгейі туралы айтты. Тәрбиешілердің оқу іс әрекеттерін жүргізу нәтижелері талқыланды. Кемшіліктері бар тәрбиешілерді атап өтіп уақтылы орындау қажеттігін тапсырды.

Қаулы етті:

Перспективалық және циклограммалық жоспарлар өз деңгейінде жүргізілсін. Оқу іс әрекеттері өз деңгейінде өтілсін. Оны қадағалау Боранбаева жүктелсін.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Тәтпенова сөз сөйледі. Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгіліктің өтілу деңгейінің орташа болғандығы, балалар жақсы дайындалғандығы түрлі ертегілер кейіпкерлерінің сомдап бергендігі туралы айтылды. Кейбір топтардағы кемшіліктерді атап өтіп алдағы іс шараларда аталған кемшіліктер қайталанбауын баса назарға алу керектігін айтты.

Қаулы етті:

Мерекелік ертеңгіліктің өтілу нәтижесі орта деп табылсын. Кемшіліктер болдырмау барысында жұмыс жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Ә.Тәтпенова

А.Сахова

«Ұлы-Орда» бөбекжай бақшасы» ЖШС

12.03.2024 ж

Меңгеруші жанындағы кеңес №4
2023-2024 оқу жылы

Қатысқандар:
Қатыспағаны:

Күн тәртібі.

1. Жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы.

Тыңдалды: балабақша меңгерушісі Ә.Тәтпенова сөз алып жаңа жыл мерекесін тойлауға арналған ертеңгіліктердің кестесін бекітіп, ертегі персанаждарды бекітті, сонымен қатар жаңа жыл мерекесіне арналған сыйлық жасау үшін ата-аналар комитеті ұйымдастыруға тапсырма берді қамқоршылық кеңесі тарапынан аз қамтамасыз етілген балаларға да жеке сыйлық жасау керектігін қарастыру керектігі айтылды.

Жаңа жылдық мереке өтетін залды мерекеге сай безендіру керектігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды.

Қаулы етті:

1. Жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы жоғары дәрежеде өткізілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Ә. Тәтпенова

А. Сахова

«Ұлы-Орда» бөбекжай бақшасы» ЖШС

08.05.2024 ж

Меңгеруші жанындағы кеңес №4
2023-2024 оқу жылы

Қатысқандар:
Қатыспағаны:

Күн тәртібі.

1. Жазғы демалыс сауықтыру мерзімінің жоспарын бекіту.
2. Жаз мезмезгіліндегі техникалық қауіпсіздік ережелерінің орындалуын бақылау қорытындысы.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі сөз алып, күн тәртібімен таныстырды.

Бір оқу жылы аяқталып, жаз мезгілінің сауықтыру – шынықтыру маусымына келді. Жаз мезгілі балалардың денсаулығын шынықтырып, ағзасына қажетті дәрумендер беретін мезгіл, жаз мезгілінің жұмыс жоспарымен таныстырды.

Тыңдалды: Жаз мезгілінде техникалық қауіпсіздік ережелерін орындау бойынша шаруашылық меңгерушісі мен балабақша медбикесі сөз алды, жаз мезгілінде балалардың улы шөптерден уланып қалмау үшін ауладағы арам шөптерден тазарту ойын алаңындағы әткеншектердің ақаулығын тексеру, құм салғыштарды толтыру жөнінде сөз болды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды.

Қаулы етті:

1. Жазғы демалыс сауықтыру мерзімінің жоспары бекітілсін.
2. Жаз мезгіліндегі техникалық қауіпсіздік ережелерін орындалуын бақылау қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Ә. Тәтпеннова

А. Сахова